

БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының ЖОББМ»
КММ директоры
Г.С.Алиева *Галиева*
«01» 09 2026 жыл

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Оқушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын сақтауға бағытталған қызметті жүзеге асырады.
- Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияға сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі.
- Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басын дамытуға кедергі келтіретін факторларды анықтайды және әртүрлі психологиялық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдайды (психокоррекциялық, оңалту және консультативтік).
- Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға нақты психологиялық мәселелерді шешуде көмек көрсетеді.
- Әртүрлі бейіндегі және арналуындағы психологиялық диагностика жүргізеді. Оқытушылар ұжымын, сондай-ақ оқушылардың ата-аналарын білім алушылардың жеке және әлеуметтік даму мәселелерінде бағдарлау мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасайды.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналы жүйесімен тұрақты жұмыс істейді: қауіп тобындағы оқушылардың сабаққа қатысуын және үлгерім динамикасын (тәртібін) бақылайды, құпиялылықты сақтай отырып, сынып жетекшілерімен және пән мұғалімдерімен платформа арқылы кері байланыс орнатады.
- Белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді, оның ішінде цифрлық форматтағы есептерді уақтылы тапсырады.
- Инклюзивті білім беру қағидасын дамытады.
- Білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында кибермәдениет пен кибергигиенаны дамытады.
- Оқушылардың жеке және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және әзірлеуге қатысады, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда бағдарлауға және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде дайындығын дамытуға ықпал етеді.
- Дарынды білім алушыларды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі.
- Оқушылардың даму дәрежесін анықтайды, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дамуының бұзылуына диагностика жасайды, оларға психологиялық-педагогикалық түзету жүргізеді.
- Білім алушылардың, педагог қызметкерлердің және ата-аналардың психологиялық мәдениетін қалыптастырады.
- Білім беру ұйымының қызметкерлеріне психологияны практикалық қолдану, әлеуметтік-психологиялық құзыреттілікті арттыру мәселелері бойынша кеңес береді.

- Педагогикалық, әдістемелік кеңестердің, ата-аналар жиналыстарының, педагогикалық консилиум, сауықтыру, тәрбие және басқа да іс-шаралардың жұмысына қатысады.
- Кәсіби құзыреттілікті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырады.
- Буллингтің, кибербуллингтің және суицидтің алдын алу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізеді.
- Білім беру процесі кезінде оқушылардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.
- Білім беру ұйымдарында барлық қатысушы субъектілердің, оның ішінде отбасылардың қатысуымен "Құндылықтарға негізделген білім беру" және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» тұжырымдамаларын енгізеді.
- Білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын, «Бала құқықтары туралы» конвенцияны.
- Жеке тұлға психологиясын, дифференциалды, балалар мен жас ерекшелік психологиясын, әлеуметтік, медициналық психологияны, балалар нейрпсихологиясын, патопсихологияны, психосоматиканы, дефектологияны, психотерапияны, сексологияны, психогигиенаны.
- Кәсіптік бағдар беру, кәсіптік білім беру және еңбек психологиясын, психодиагностиканы, психологиялық консультация беру және психопрофилактиканы.
- Белсенді оқыту, әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынас әдістерін, жеке және топтық консультацияның заманауи әдістерін.
- Баланың дамуын диагностикалау және түзету жолдарын.
- «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен жұмыс істеу нұсқаулықтарын.
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- "Психология" мамандығы бойынша жоғары білім немесе бейіні бойынша жоғары медициналық білім (жұмыс өтіліне талап қойылмайды);
- Немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білім (жұмыс өтіліне талап қойылмайды).

Таныстым: Ж. Кемелова А.Б.

Таныстым: Д.Д. Арингазиева Д.Д.

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.